



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2016.22.04. № 161

Ақтөбе қаласы

город Актобе

№ 1

«Спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернат» мемлекеттік мекемесі мен «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Есет батыр атындағы Ақтөбе облыстық мамандандырылған көпсалалы лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы


Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 919 «Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернат» мемлекеттік мекемесі және «Есет батыр атындағы Ақтөбе облыстық мамандандырылған көпсалалы лицей-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қосу жолымен «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Есет батыр атындағы спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қоса беріліп отырған «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Есет батыр атындағы спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы бекітілсін.

4. «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.



017217

Сериялық нөмірдіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛДЫ. Қызмет бабындағы мағсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады. Бланктерге теріпленіп БЕКІТІЛГЕНДІ, ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Бланк без сериялыго номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАБЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.


5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары А.Т.Шерияздановқа жүктелсін.

П

Ақтөбе облысының әкімі



Б. Сапарбаев



*Көшіне
Серие*



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2017. 11. 08 № 279

Ақтөбе қаласы

город Актобе

Дене шынықтыру және спорт коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабының 22-тармағына және Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің 2017 жылғы 27 маусымдағы № 14-04-20/2083-И хаты негізінде **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Есет батыр атындағы спортта дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Есет батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып (бұдан әрі – Мекеме) өзгертілсін.

2. Негізгі орта білім берудің, жалпы орта білім берудің, жалпы білім беру оқу бағдарламаларын және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру, Қазақстан Республикасының спорт түрлерінен құрама командалары үшін спорттық резервті даярлау, спорт және дене шынықтыру саласында мамандар даярлау мекеме қызметінің негізгі мәні болып айқындалсын.

3. Мекемені қаржыландыру тиісті жылға арналған облыстық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүргізіледі деп белгіленсін.

4. «Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің әділет органдарында қайта мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ, және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

019228

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі



Б. Сапарбаев